



Әдістемелік ұсыныстар мен
нұсқаулықтар

Нысан
Ф СО ПГУ 7.18.2/05

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Есеп және аудит кафедрасы

«Бухгалтерлік есеп және аудит» пәні бойынша
5В070300 «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының
студенттеріне арналған
пәнді оқытудың
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР МЕН НҰСҚАУЛЫҚТАР

Павлодар

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ				
Тақ №	Тақырыптардың атауы	Сағаттар саны		
		дәріс	тәжір.	СӨЖ
1	Ақпарат жүйесі ретіндегі бухгалтерлік есеп	2	1	5
2	Бухгалтерлік есептің концепциялары мен қағидалары (принциптері)	2	1	5
3	Қаржылық есеп берудің элементтері және бухгалтерлік есеп объектілері	2	1	5
4	Бухгалтерлік баланс	2	1	5
5	Бухгалтерлік шоттар және екі жақты жазу	2	1	5
6	Бухгалтерлік есепті ұймдастыру	2	1	5
7	Есептік кезең (цикл) және қаржылық есеп беруді дайындау	2	1	4
8	Ағымдағы активтердің есебі: Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттерінің есебі	2	1	4
9	Дебиторлық борыштардың есебі	2	1	4
10	Тауарлы-материалдар қорлардың есебі	1	1	4
11	Ұзақ мерзімді активтердің есебі	1	1	4
12	Ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелердің есебі	1	1	4
13	Табыстар мен шығындардың есебі	1	1	4
14	Меншікті капиталдың есебі	1	1	4
15	Қаржылық есеп берудің ұсынылуы	1	1	4
16	Аудиттің мәні, пәні мен әдістері	1		5
17	Аудитің стандарттары және аудиторлардың мамандық этикасы	1		5
18	Аудит жүргізудің дәйектілігі және сапасын бақылау	1		5
19	Аудиттегі мәнділік және аудиторлық тәуелділік	1		5
20	Аудиторлық қорытынды есеп беру	1		2
21	Қаржылық есеп беру және оның аудитінің дәйектілігі	1		2
БАРЛЫҒЫ		30	15	90

Тақырып 1 Ақпарат жүйесі ретіндегі бухгалтерлік есеп

Бухгалтерлік есеп дегеніміз нақты бір шаруашылық іс-әрекет жүргізетін субъект туралы қаржылық ақпаратты жинап, өндеп, пайдаланушыларға беретін жүйе.

Шаруашылық іс-әрекет жүргізетін субъект - бұл мақсаттардың орындалуына бірігіп жұмыс істейтін адамдар тобынан тұратын ұйым.

Алдарына қойған мақсаттарға жетуге ұйым материалды және еңбек ресурстарын, әр түрлі қызметтер, ғимараттар мен жабдықты пайдаланады. Осы ресурстардың мөлшері туралы ақпарат тиімді жұмыс үшін ұйым қызметкерлеріне, сондай-ақ ұйымның іс-әрекетінің бағалау үшін сыртқы пайдаланушыларға да қажет. Осындай ақпаратты бухгалтерлік есеп жүйесі қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бухгалтерлік есеп шаруашылық іс-әрекеті мен шешім қабылдайтын тұлғалардың арасындағы байланыс бұны.

Яғни, бухгалтерлік есеп: болашақта пайдалану мақсаттары мен кәсіпорын іс-әрекеті туралы мәліметтерді тіркеу арқылы шаруашылық іс-әрекетті өлшеу; мәліметтерді өндейді, қажетті сәтке шейін сақтап, пайдалы ақпаратқа айналдыру; есеп беру арқылы шешім қабылдайтын тұлғаларға береді.

Бухгалтерлік ақпарат пайдаланушылары келесідей бөлінеді.

Бірінші топ топ - ішкі пайдаланушылар (әкімшілік, меншік иесі, директорлар Кеңесі, менеджердер, кәсіпорындардың басшылары т.б.).

Екінші топ - тікелей қаржылық мүддесі бар сыртқы пайдаланушылар (инвесторлар, несиеберушілер).

Үшінші топ - тікелей емес қаржылық мүддесі бар сыртқы пайдаланушылар (салық органдары, реттеуші органдар т.б.).

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Ғылым ретіндегі бухгалтерлік есептің пайда болуының және қалыптасуы тарихи аспектісі.

2. Басқару жүйесіндегі бухгалтердік есеп.

3. Бухгалтерлік ақпарат және басқару шешімдерін қабылдау. Бухгалтерлік есептің пәні, әдісі және міндеті.

4. Экономиканың ақпараттық көздері және оны пайдаланушы ретіндегі қаржылық есеп беруі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы:

Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

Тақырып 2 Бухгалтерлік есептің концепциялары мен қағидалары (принциптері)

Есеп тұжырымдамаларын айта отырып, ережелер мен ұсыныстарды анықтайтын және барлық салардың, қызмет түрлерінің және ұйымдық-құқықтық формаларының субъектілерімен есепті енгізу қалыптасатын есептік жүйені құрудың негізі. Басқа сөзбен айтқанда, тұжырымдама – бұл есеп қағидаларын өңдеудің логикалық болжауы. Нақты өзара байланысты түсіндіре отырып, тұжырымдамалар экономикалық реалийлердің өзгеруіне байланысты түзетулерге ұшырауы мүмкін, сондықтан бір рет және әрқашанда берліген болып табылады. Сонымен әрбір түзету бухгалтерлік есеп және есептілік жүйесі туралы жалпы көрініске негізденеді, яғни оның негізіне салынған тұжырымдамаларға. Өңделмеген стандарттар бойынша жаңа бағыттардың, операциялардың жаңа типтерінің пайда болуы өзімен субъективті негізін тартады – жеке ойлауға немесе құрастырушыларды бағалауға тәуелді болуы мүмкін. Сондықтан да сондай ойлаулар мен бағалаулар есептік берілгендер көрінісінің қалыптасқан қағидаларында құрылады.

Қағида (латын тілінен *principium*) бастауын немесе негізін, яғни одан шығатын барлық келесі бекітулерді алдын ала анықтайтын қандай да бір теорияның, ғылымның, дүниетанымның шығыс жағдайын білдіреді. Әрбір ғылым негіз салатын қағидаларда негізденсе, онда бухгалтерлік есеп ерекше бола алмайды.

Есеп қағидалары есептік процес және есептілікті құруды енгізу негізінде жатады. Сонымен американдық ғалымдар әдебиеттеріне шолу куәландырады, қағидалар – бұл бухгалтерлік есептің бөлшектенген практикалық ережелерінің кең ортасы. Ұлыбританияда бөлшектенген ережелерді практика, саясат немесе негіздер деп атайды, ал өте кең түсінікте тұжырымдамалар (латын тілінен *conceptio* – көзқарастар жүйесі, құбылыстар, процестердің сол немесе басқа ұғымдары, сонымен қатар ойды жүргізетін біріңғай нақты ойлау) деп аталады.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Шаруашылық есептің жалпы сипаттамасы, түрлері.
 2. Бухгалтерлік есептің мақсаты мен міндеттері.
 3. Есеп ақпараттарын пайдаланушылар түрлері.
- Бухгалтерлік есепте қолданылатын өлшемдер.
4. Қаржы және басқару есептерінің жалпы сипаттамалары.
 5. Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есеп пен есептіліктерді реттеудің нормативтік жүйесі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.
2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.
3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 3 Қаржылық есеп берудің элементтері және бухгалтерлік есеп объектілері

Қаржылық есептіліктің элементтері активтер, міндеттемелер, меншік капиталы, субъектің табыстары мен шығыстары болып табылады. Активтер - бұл мүлік, құндылық бағалары бар субъектің мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары мен игіліктері. Міндеттемелер - бұл бір тұлғаның (қарыз алушының) екінші тұлға (кредитор) пайдасына нақты әрекет (мүлікті беру, жұмысты орындау және т.б.) жасау, ал кредитор қарыз алушыдан оның міндеттемелерін орындауын талап етуге құқылы.

Меншік капитал оның міндеттемелерін есептегеннен кейін шаруашылық етуші субъекттің активтерін құрастырады.

Табыстар - бұл есептік кезеңдегі активтердің өсуі немесе міндеттемелердің төмендеуі, ал шығыстар, керісінше, - есептік кезеңдегі активтердің төмендеуі немесе міндеттемелердің өсуі. Табыстар мен шығыстар көрсеткіштерді өлшеумен байланысты бухгалтерлік есеп элементтерімен шығады. Табыстар мен шығыстар сәйкестік қағидасы бойынша есептеледі, яғни бір келісімдермен шақырылғандар бір уақытта белгіленеді.

Активтер айналымнан тыс: негізгі құралдар, материалды емес активтер, ұзақ мерзімді инвестициялар және т.б.; және

ағымдағы: ақша құралдары мен олардың эквиваленттері, қаржылық инвестициялар, дебиторлық қарыздар, тауарлы-материалдық запастар болып бөлінеді. Міндеттемелер ұзақ мерзімді – банктен тыс ұйымдардағы кредит және қысқа мерзімді – салықтар бойынша бюджет алдындағы, бюджеттік емес ұйымдар алдындағы, жеткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін жабдықтаушылар алдындағы, еңбекті төлеу бойынша жұмысшылар алдындағы және т.б. кредиторлық қарыздар.

Меншік капиталы өзіне жарғылық капиталын, алып тасталған капиталын, қосымша төленген және қосымша төленбеген капиталын, өткен жылдардағы және есептік кезеңдегі резервті капитал және бөлінбеген табыс (жабылмаған шығын).

Бухгалтерлік есеп объектілерінің түсінігі.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Қаржылық есеп берудің элементтері (ұйымдардың активтері, міндеттемелері және меншікті капиталы, табыс және шығыстары)

2. Ұзақ мерзімді активтер негізгі құралдар, материалдық емес активтер, инвестициялар.(ереже, тәуелді, бірімесін-бақылайтын заңды тұлғалар) олардың сипаттамасы және бағалауы.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. – оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

Тақырып 4 Бухгалтерлік баланс

Бухгалтерлік баланс ақшалай бағалауда көрсетілген әрі белгілі бір мерзімге құрылған шаруашылық құралдарының құрамы мен орналастырылуы және олардың құрылу көздері бойынша экономикалық топстатыру және жалпылама қорыту тәсілі.

Баланс өзінің құрылуы бойынша актив пен пассивтен тұратын екі жақты кесте болып табылады.

Баланстың оң жағы пассив деп аталады, сол жағы актив.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Бухгалтерлік баланстың мазмұны мен маңызы.
2. Бухгалтерлік баланс және қаржылық есептіліктердің ашылып көрсетілуі.
3. Баланстың құрылымы және құрамы.
4. Шаруашылық операцияларының әсерінен баланстағы болатын өзгерістер және олардың сипаттамасы.

Әдебиет

4. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. – оқулық - Алматы: Экономика, 2006.
5. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп – Алматы: Lem, 2001.
6. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

Тақырып 5 Бухгалтерлік шоттар және екі жақты жазу

Бухгалтерлік есеп шоттары, құрылымы мен мазмұны және жіктелуі. Екі жақты жазу жүйесі. Жай және күрделі бухгалтерлік жазбалар. Бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспары, негізгі тарауларының қысқа сипаттамасы және ұйымдастырылуы

Активті шоттарында (латын тілінен - қызметтік) кәсіпорын активтері, яғни табыс әкелуге бейімді құралдар туралы ақпарат көрінеді. Пассивті шоттарында (латын тілінен - қызметтік емес) меншік капиталы мен міндеттемелер көрсетілген. Шоттың екі жағы бар. Шоттың сол жағын дебет, ал оң - кредит деп атайды. Активті шоттарда дебет өсуді, кредит - төмендеуді білдіреді, ал пассивтікте - керісінше. Дебет немес кредит шоты бойынша бөлінетін сомалар қорытындысы - бұл айналым, ал шот бойынша соңғы қалдық - сальдо. Активтік шот бойынша сальдо дебет бойынша көрінетін бастапқы қалдық сияқты анықталады. Шот дебеттік айналымда қосылады және шот бойынша кредиттікте есептеледі. Ай соңына сальдо активтік шот бойынша дебетке жазылады. Кредиттік шот сальдосы кредит бойынша көрсетеді. Бухгалтерлік шоттағы шаруашылық операцияларының көрінісі екі жазба көмегімен жүзеге асырылады.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Бухгалтерлік шоттардың мәні мен маңызы.
2. Шаруашылық операцияларын шоттарға жазу тәртібі.

3. Шоттар сызбасы.

4. Шоттардың дебеті мен кредиті туралы түсінік.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 6 Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру

Кәсіпорынның есеп саясаты сол кәсіпорында қолданылатын бухгалтерлік есеп жүйесінің тұтастығын және оны құраушы әдістемелік, техникалық, ұйымдастырушылық жақтардың барлығын қамтиді.

Пайдаланушылардың кәсіпорынның қаржы есептілігін қандай да бір уақыт аралығында оның қаржы жағдайының үрдістерін, қызметінің нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысын анықтау үшін мүмкіндігі болуға тиіс. Сөйтіп, әрбір кезеңде әдетте сол бір есеп саясаты қабылданады. Есеп саясаты, егер бұл заңға сәйкес немесе есеп стандарттарын белгілейтін органдарда талап етілетін жағдайда, немесе осы өзгеріс кәсіпорынның қаржы есептілігінде оқиғаларды немесе операцияларды неғұрлым дұрыс көрсетуге әкеп соқтырған кезде өзгеруге тиіс. Қаржы есептілігінде оқиғаларды немесе операцияларды неғұрлым дұрыс беру жаңа есеп саясатын қолдану кәсіпорынның қаржы жағдайы, қызметтің немесе ақша қозғалысының нәтижелері туралы неғұрлым орынды немесе неғұрлым сенімді хабарлама беруге жеткізген кезде болады.

Мына әрекеттер есеп саясатындағы өзгерістер болып табылмайды: өзінің мәні жағынан бұрын болған оқиғалардан немесе операциялардан өзгеше оқиғалар немесе операциялар үшін есеп саясатын қабылдау; бұрын болмаған немесе елеулі емес оқиғалар немесе операциялар үшін жаңа есеп саясатын қабылдау.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Бухгалтерлік есептеу циклінің негізгі сатылары.

2. Есептеу мәліметтерінің қайнар көздері, бухгалтерлік құжаттар, олардың есептегі ролі мен маңызы.

3. Құжаттарды дайындап толтыруға қойылатын талаптар.

4. Құжаттардың реквизиттері және олардың жіктелуі.

5. Есеп регистрлары және олардың маңызы.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 7 Есептік кезең (цикл) және қаржылық есеп беруді дайындау

Есептік цикл. Бухгалтерлік есеп шоттарының ашылуы. Шаруашылық операцияларының тіркелуі мен олардың бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетілуі (шаруашылық операцияларын тіркеу журналы). Бухгалтерлік есеп шоттарының жабылуы (соңғы қалдықты анықтау). Сынамалы баланс (айналым ведомосі) - бухгалтерлік іс-әрекеттердің бақылаушы құралы. Уақытша шоттардың жабылуы.

Әрбір жаңа есептік кезеңді шаруашылық етуші субъект кіру балансынан, яғни есептік кезеңнің алғашқы мерзіміне құрылған баланстан басталады. Шаруашылық операцияларды тіркеу және олардың бухгалтерлік шоттарда көрінісі «Шаруашылық операцияларды тіркеу журналында» жүргізіледі. Бухгалтерлік процедуралардың бақылау құралы болып айналым ведомості немесе сынама баланс табылады. Оны айналымды және барлық синтетикалық шоттар бойынша қалдықтарды бақылау үшін қолданады.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Есептік цикл.

2. Бухгалтерлік есеп шоттарының ашылуы.

3. Шаруашылық операцияларының тіркелуі мен олардың бухгалтерлік есеп шоттарында көрсетілуі (шаруашылық операцияларын тіркеу журналы).

4. Бухгалтерлік есеп шоттарының жабылуы(соңғы қалдықты анықтау).

5. Сынамалы баланс(айналым ведомосі)- бухгалтерлік іс-әрекеттердің бақылаушы құралы.

6. Уақытша шоттардың жабылуы.

7. Қорытынды баланс.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 8 Ағымдағы активтердің есебі: Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттерінің есебі

Кассадағы қолма-қол ақшаның есебі. Қолма-қолсыз есеп айырысудың нысандары мен олардың сипаттамасы. Банктердегі ағымдағы, корреспонденттік шоттар, аккредитивтердегі, гектердегі, карт-шоттардағы және басқада шоттардағы ақша қажаттарының есебі.

Шетелдік валюта мен жүргізілетін операциялардың есебі. Ақша қаражаттарын, құнды қағаздарды ақшалық құжаттар және қатаң есеп берілетін бланклердің түгендеуін жүргізудің тәртібі және олардың нәтижесін бухгалтерлік есеп шоттарында тіркеу.

Қазіргі заңнамаға қатысты субъекттер ақша құралдарын оларға қызмет көрсететін банктегі есептік шотта сақтаулары қажет. Есептік шот бойынша операциялар қазіргі заңнамамен реттеледі. Есептік шот және банктің басқа шоттары бойынша операцияларды әзірлеу үшін банкте келесі құжаттар: чек, жарнаға қолма қол түсіндіру, төлемдік нұсқаулар, төлемдік талап-нұсқау.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері жайлы түсінік.

2. Кассадағы қолма-қол ақшалар есебі.

3. Есеп айырысу шотындағы және банктегі арнайы шоттардағы ақша қаражаттарымен есеп айырысудың есебі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 9 Дебиторлық борыштардың есебі

Дебиторлық борыштар, олардың түрлері және жіктелуі. Алынуға тиісті шоттар. Күдікті дебиторлық борыштардың есебі. Еншілес (туынды) және тәуелді серіктестіктердің, бірлесіп бақыланатын заңды тұлғалардың дебиторлық борыштарының есебі. Басқадай дебиторлық борыштар есебі. Есептелген сыйақылар есебі. Алдағы кезең шығыстарының есебі. Берілген аванстар есебі.

Дебиторлық қарыз есебі 1200 «Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз» және 2400 «Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз» бөлімшелерінің шоттарында жүргізіледі.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Дебиторлық қарыздарға түсініктеме және олардың түрлері.

2. Сатып алушылар мен тапсырыс берушілермен есеп айырысудың есебі. Күмәнді дебиторлық қарыздар есебінің тәсілдері және оны бағалау әдістері.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 10 Тауарлы-материалдар қорлардың есебі

Тауарлы-материалдық қорлар жайлы түсінік. Тауарлы-материалдық қорлардың жіктелуі. Тауарлы-материалдық қорларды бағалау әдістері (орташа есептік құны бойынша, ФИФО және арнайы сәйкестендіру). Әдістердің салыстырмалы сипаттамасы. Тауарлы-материалдық қорлардың қабылдануы және есептен шығарылуын құжаттық рәсімдеу. Тауарлы-материалдық қорлардың қоймадағы және бухгалтериядағы есебі. Қаржылық есеп беруде ашылуы.

Тауарлы-материалдық қорлар активтерді ұсынады:

жетілдіруге арналған дайын өнім және тауарлар;

аяқталмаған өндіріс;

өндіріс процесінде қолдану үшін немесе қызметтерді көрсету үшін материалдар мен шикізаттар.

Бухгалтерлік есеп стандарттарына қатысты тауарлы-материалдық қорлардың өзіндік құнын бағалаудың негізгі әдістері болып табылады:

ТМҚ нақты, өзара ауыстырылмайтын бірліктерінің өзіндік құнын өлшеу үшін қолданылатын дәлелдік шығындарға негізденген жалпы идентификация;

орта өлшенген құны - ТМҚ әр бірлігінің құны есептік кезеңнің басында ТМҚ бір типтік бірлігінің орта өлшенген құнымен және есептік кезең ағымында өндірілген немесе алынған бір типтік бірлік құнымен анықталады;

алғашқы сатып алулардың бағалары бойынша бағалау (ФИФО), ең бірінші алынған тауардың өзіндік құны ең алғаш сатылған тауарларға қатысты болуына негізденген.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Қорлардың түрлері мен жіктелуі.
2. Қорлардың бағалануы.
3. Қорларды өзіндік құны бойынша бағалау әдістері.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 11 Ұзақ мерзімді активтердің есебі

Негізгі құралдары бағалау: бастапқы, ағымдағы, баланыстық құны, сату құны және жойылу құны. Негізгі құралдардың тозуының есебі.

Негізгі құралдарды жалға беру есебі. Негізгі құралдарды қайта бағалаудың есебі: қосымша бағалануы және құнының төмендеуі. Қаржылық есеп беруде ақпараттарды ашып көрсету.

Ұзақ мерзімді активтер - бұл өндірістік, әкімшілік мақсаттар немесе арендаға тапсыру үшін қолданылатын, бір жылдан аса пайдалы қызмет мерзімі бар активтер. Негізгі құралдар келесі категорияларға бөледі: жер, ғимарат және құрылыс, құрал-жабдықтар, көлік құралдары және категориялар мәліметтеріне кірмеген басқа негізгі құралдар.

Ұзақ мерзімді активтерді бағалау үшін алғашқы,

ағымдағы, баланстық, өтімділік құны және жетілдіру құны қолданылады.

Материалдық емес актив - бұл физикалық нысаны жоқ бірегейлендірілетін ақшалай емес актив.

Ұйымдар ғылыми немесе техникалық білімдер, жаңа процестер мен жүйелерді әзірлеу немесе енгізу, лицензиялар, интеллектуалдық меншік, нарық білімі және тауар белгілері (тауар маркалары мен баспа құқықтарын қосқанда) сияқты материалдық емес активтерді сатып алу, әзірлеу, қызмет көрсету немесе нығайту кезінде ресурстарды жиі жұмсайды. Осындай ауқымды санаттар қамтитын баптардың кеңінен тараған үлгілері болып компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттер, авторлық құқықтар, кинофильмдер, клиенттердің тізімі, ипотекаға қызмет көрсету құқығы, балық аулау лицензиялары, импорттық квоталар, франшизалар, клиенттермен немесе жеткізіп берушілермен қарым-қатынастар, клиенттердің икемділігі, нарықтың үлесі және өткізу құқықтары болып табылады.

Материалдық емес активтің анықтамасы оны іскерлік беделден нақты ажыратуға мүмкіндік беретін бірегейленуін талап етеді. Кәсіпорындарды біріктіру кезінде алынған іскерлік бедел бұл сатып алушы-кәсіпорын болашақта күтілетін экономикалық табысты күту кезінде өздігінен жеке бірегейлендіре алмайтын және бөлек таныла алмайтын активтерден жасалатын төлем болып танылады. Болашақтағы экономикалық табыстар сатып алынған бірегейлендірілетін активтер арасында синергия тиімділігінен немесе жеке өзі қаржы есептілігінде тану талаптарына жауап бермейтін, бірақ кәсіпорындарды біріктіру кезінде сатып алушы ақысын төлеуге даяр активтерден туындауы ықтимал.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Негізгі құралдарға түсініктеме.
2. Негізгі құралдардың бағалануы.
3. Негізгі құралдар қозғалысының есебі.
4. Негізгі құралдар амортизациясы есебі.
5. Материалдық емес активтер және олардың сипаттамасы.

6. Материалдық емес активтер түрлері.

7. Материалдық емес активтер есебі.

8. Материалдық емес активтер амортизациясының есебі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 12 Ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттемелердің есебі

Ұйымдардың міндеттемелері бойынша әртүрлі заңды және жеке тұлғалармен есеп айырысудың түрлері. Несиелер есебі. Алдағы кезең табыстарының есебі. Дивидендтер бойынша есеп айырысудың есебі. Бюджетпен есеп айырысу операцияларының есебі. Корпоративтік табыс салығының есебі. Еншілес (тәуелді) серіктестіктердің кредиторлық борыштары есебі. Алынған аванстардың есебі. Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысудың есебі. Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысудың есебі. Еңбек ақы төлеу бойынша жұмысшы қызметкерлер мен есеп айырысу есебі. Басқадай кредиторлық қарыздардың есебі.

Сонымен қатар ағымдағы міндеттемелерге кәсіпорынның еңбекақы төлеу бойынша персонал алдындағы қарыздарын жатқызады. Персонал еңбекақысын еңбек сапасы мен санына қатысты алады. Ол екі түрге бөлінеді: еңбекті төлеу қорын құратын негізгі және қосымша еңбекақыға. Негізгі еңбекақы дәлелді игерілген мерзім үшін, бекітілген баға қою немесе айлық бойынша орындалған жұмыс немесе өндірілген өнім саны мен сапасы үшін еңбекті төлеуді ұсынады. Қосымша еңбекақы - бұл еңбек туралы заңнамаға қатысты кәсіпорында өтелмеген уақыт үшін персоналға есептейтін еңбекті төлеу. Оларға кезекті шығарылымдар төлемін, мемлекеттік және қоғамдық міндеттемелерді орындаған үшін және т.б. төлеулерді жатқызады. Еңбекті төлеудің басты формалары кесімді және мерзімді болып табылады. Иемдену мерзіміне қатысты жұмысшылар тұрақты, уақытша және сезонды болып бөлінеді.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Міндеттемелер туралы түсінік.

2. Міндеттемелердің жіктелуі.

3. Жабдықтаушылар және мердігерлермен есеп айырысудың есебі.

4. Қызметкерлермен еңбек ақы бойынша есеп айырысудың есебі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 13 Табыстар мен шығындардың есебі

Негізгі қызметтен түскен табыстар есебі: дайын өнімді, жұмыстарды және қызметтерді сату, сатып алынған тауарларды сату, жалға беру, байланыс ұйымдардың қызметі және басқа да негізгі қызметтің табыстары. Негізгі емес қызметтен түскен табыстардың есебі; материалдық емес активтерді сату, негізгі құралдарды сату, құнды қағаздарды сату, акция бойынша дивиденттер, курстық айырымынан алынған тағы басқа табыстар есебі. Сатылған тауарлардың қайтарылуының, сату және баға шегерімдерінің есебі. Сатылған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнының есебі. Сатылған өнімнің нақтылы өзіндік құның есептеу. Сатылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығыстардың есебі. Жалпы және әкімшілік шығыстарының есебі. Сыйақы шығыстарының есебі. Негізгі емес қызметтер шығыстарының есебі: материалдық емес активтерді, негізгі құралдарды, құнды қағаздарды сату, курстық айырмасы бойынша шығыстары және басқалары. Корпоративтік табыс салығының шығыстарының есебі. Төтенше жағдайлар нәтижесінде алынған табыстар мен зияндар есебі. Үлестік қатысудан алынатын табыстар мен зияндар есебі. Шоттардың жабылуы.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Табыстар мен шығындарды анықтау, тану критерийлері.

2. Өнімді сатудан (жұмыстар, қызметтер) табыстар мен шығындарды тану әдістері.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

Тақырып 14 Меншікті капиталдың есебі

Жарғылық капиталдың есебі, олардың өзгеруі мен қалыптасының тәртібі. Төленбеген капитал, резервтік капиталдың есебі. Қосымша төленген және төленбеген капиталдың есебі. Жиынтық табыс (зиян) есебі.

Есептік кезеңнің және алдыңғы кезеңдердің бөлінбеген табыстың (жабылмаған зиянның) есебі.

Қазақстан Республикасындағы азаматтық кодекске қатысты шаруашылық етуші субъектілердің келесі түрлері құрылады: шаруашылық серіктестіктер, өндірістік кооперативтер, мемлекеттік кәсіпорындар және коммерциялық емес ұйымдар. Шаруашылық серіктестіктерге жатады: толық және коммандиттік серіктестіктер, ЖШС, АҚ.

Қайта ұйымдастырылған кәсіпорын қызметінің басы жарғылық капиталдың құрылуына бағытталғанақша құралдарының сомасын қамтамсыз ету керек. Жарғылық капитал – бұл оның жарғысымен анықталған және акционерлік қоғамдарда немесе шаруашылық серіктестіктердің басқа түрлеріне құрылтайшылардың салымдар құралымен акцияларды сатудан түсетін түсімі үшін қалыптасқан кәсіпорынның капитал сомасы. Республика заңнамасы жарғылық капитал мөлшерін шектейді. Айналымнан алып тасталған акция сомасы өзімен алынған капиталды ұсынады. Резервтік капитал ағымдағы пайда жеткіліксіз болған сол жағдайларда операциялық қызметтен жоғалтуларды жабу үшін қолданылады. Шаруашылық серіктестіктің резервтік капиталының мөлшері бекітілген тәртіптегі мемлекеттік тіркеуге тұратын оның құрылтайлық құжаттарында көрінеді. Бұл құжаттарда да пайданың кәсіпорынның резервтік капиталына бағытталу тәртібі анықталады. Қосымша төленген капитал деп олардың номиналды құнын асыратын бағалар бойынша жеке акцияларды жетілдіру нәтижесінде акционерлік қоғам алған соманы айтады. Қосымша төленбеген капитал негізгі құралдарды немесе инвестицияларды қайта бағалау нәтижесінде құрылады.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Меншікті капиталдың құрылымы.

2. Жарғылық капитал жайлы түсінік және оның қалыптасу тәртібі. Жарғылық капитал есебі.

3. Бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян) есебі. Резервтік капиталдың қалыптасуы мен пайдаланудың есебі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тақырып 15 Қаржылық есеп берудің ұсынылуы

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесін, оның қаржылық және мүліктік жағдайының көрсеткіштер жүйесі ретінде есеп беру. Қаржылық есеп берудің негізгі нысандары. Бухгалтерлік баланс. Табыстар мен шығыстар туралы есептеменің құрылымы мен мазмұны. Ақша қаражаттары қозғалысы туралы тікелей және жанама әдіспен дайындау. Меншікті капиталдың өзгерісі туралы есеп беру. Түсіндірме жазба хат.

Субъектің жылдық қаржылық есептілігі үшін есептік кезең болып 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін күнтізбелік жыл табылады. Жеке меншіктер басқа мерзімділікті құруға құқылы, бірақ жылына бір реттен жиі емес, және қаржылық есептілікті беру мерзімін анықтау, бірақ есептіктен кейінгі 30 сәуірден кеш емес.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. ҚЕХС сәйкес қаржылық есеп беруді дайындау және құрастыру тұжырымдамасы.

2. Қаржылық есеп берудің элементтері.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

Тапсырма 16 Аудиттің мәні, пәні мен әдістері

Аудит - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік жасау және өзге де ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатымен тексеру

Аудиторлық қызметтің негізгі принциптері мыналар: тәуелсіздік; объективтілік; кәсіби құзыреттілік; құпиялылық; адалдық; ұйымдардың стандарттарын және Әдеп кодексін сақтау; аудиторлық қызметтің халықаралық аудиторлық практикаға сәйкес айқындалатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де принциптері.

Аудиттің түрлері мыналар: міндетті; бастамашылық.

Міндетті аудит Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және жағдайда жүргізіледі. Аудит міндетті болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті мерзімді баспа басылымдарында жариялайтын ұйымдар жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға міндетті.

Бастамашылық аудит аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша бастамашы мен аудиторлық ұйымның арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген аудиттің нақты міндеттері, мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Бақылаудағы аудиттің маңызы мен орны.
2. Аудиттің түрлері мен міндеттері. Қазақстан Республикасындағы аудиттің нормативтік-құқықтық реттелуі.
3. Аудиторлық дәлелдемелер.
4. Аудиттағы маңыздылық пен тәуекелділіктер.
5. Аудитті жоспарлау. Аудиторлық есеп беру және оны дайындау тәртібі.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Тапсырма 17 Аудитің стандарттары және аудиторлардың мамандық этикасы

Аудиторлық стандарт және норма деген ресми жарияланған құжаттар аудиторлық жұмыс дұрыстығын қарау басшылық негізінде мемлекеттік, тексеруші, заңды және басқа да ресми түрде қолдануы мүмкін.

Аудиторлық қызметінің жалпы қабылданған стандарты өзара байланысты 4 бөлімнен тұрады:

- негізгі постулаттар;
- жалпы постулаттар;
- жұмысшы стандарттары;
- есеп беру стандарттары.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Аудиттің стандарттарыны түсінігі.
2. Жалпы стандарттар, жұмыс стандарттары, есеп беру стандарттары.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Тапсырма 18 Аудит жүргізудің дәйектілігі және сапасын бақылау

Қаржы ұйымының аудиторлық есебін жасау және оны уәкілетті органға ұсыну мерзімдері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Қаржы ұйымының аудиторлық есебі бір мезгілде қаржы ұйымына және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ұсынылады.

Қаржы ұйымының аудиторлық есебін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі

уәкілетті мемлекеттік органға ұсынудың белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аудиторлық есепті белгіленген мерзімде ұсыну туралы жазбаша нұсқама жіберуге құқылы.

Аудиторлық ұйым жазбаша нұсқаманы орындамаған жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру қажеттілігі туралы өтінішхатпен уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Ақша қаражаттары және оның эквиваленттерінің аудиті.

2. Қорлар және дайын өнім аудиті.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп - Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. - Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. - 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Тапсырма 19 Аудиттегі мәнділік және аудиторлық тәуелділік

Мәнділік пен аудиторлық тәуекелділік арасында кері өзара байланыс бар, яғни мәнділік деңгейі жоғарылаған сайын аудиторлық тәуекелділік төмендейді және керісінше. Қаржылық есеп берумен тікелей байланысты бірнеше тәуекел аспектілері бар. Тәуекелдің негізгі 2 түрі бар: аудиторлық тәуекел және бизнес үшін тәуекел - аудитор мен оның фирмасы.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Мәнділік түсінігі.

2. Қателіктер және заңсыз әрекеттер.

3. Бұрмалауды анықтағандағы аудитордың әрекеттері

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік

есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Тапсырма 20 Аудиторлық қорытынды есеп беру

Аудиттың соңғы кезеңінде аудитор тексеру барысында алынған және оның жұмыс құжаттамаларында жиналған ақпаратты қорытып, өңдеп және оның негізінде аудиторлық есеп беруде шынайы қаржылық есеп жөнінде өз кәсіби пікірін құру қажет.

Аудит нәтижелерін көрсету үшін аудиторлар үш құжатты жасайды:

аудиторлық тексерудің аяқталуы жөніндегі акт; аудитормен жасалынады және тексерудің аяқталуы мен төлемнің есебін анықтау мақсатымен компания бастығының қолы қойылады;

аудиторлық есеп - ресми емес құжат, тек компания басшысына не аудитты тапсырған тұлғаға тапсырылады, осында табылған барлық бұзушылықтар, ішкі бақылау жүйесінің әлсіз жақтары көрсетіледі, сондай-ақ оларды жою және қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар беріледі;

аудиторлық қорытынды – ресми емес құжат, қалыпты мазмұнымен, міндетті хабарлануға тиісті кәсіпорын қызметі жайында ешбір сандық ақпарат болмайды.

Әдістемелік ұсыныстар.

Бұл тақырып бойынша студенттерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

1. Аудиторлық қорытынды есеп және оны дайындау тәртібі.

2. Аудиторлық қорытынды есеп құрылымы мен түрлері.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика, 2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Тапсырма 21 Қаржылық есеп беру және оның аудитінің дәйектілігі

Барлық ұйымдар, мемлекеттік ұйымдардан басқа атқарушы органдарға беретін Қазақстанның жылдық қаржылық көрсеткі мыналарды қамтиды:

- бухгалтерлік баланс;
- кіріс және шығыс туралы есеп;
- ақша айналымы туралы есеп;
- меншік капиталының өзгерісі;
- есептік саясат пен түсіндірме хат.

Қазіргі кезде Қазақстандағы есеп беру көрсеткішінің жылдық жүйесі мен оларды қалыптастыру көп жағдайда мерзімінен, басқару иерархиясынан, есеп беру түрінен және т.б. тәуелді.

Басқару қызметкерлердің тәжірибемен әрекеттері әрдайым есеп беру көрсеткіштерінің жүйесіне сәйкес түзетулерді енгізеді, бағытталған мақсатын көрсетеді.

Есеп беруді қалыптастыра отырып сақтық талаптарына сәйкес, шартты фактінің (шартты пайда, шартты шығын, шарттыміндет, шарттыақша) салдарын анықтауғв болады. Осындай фактілерлің есебі есептік кезеңнен кейінгі оқиғаларды бақылау мүмкіндігін тудырады және ақшалай өнім бойынша есептеледі.Қажетті жағдайларда тәуелсіз эксперттердің қортындысы талап етіледі.

Ұйымда пайда болатын кез-келген шартты фактілерді «Түсіндіру хатында» бейнелеу керек.

Есеп беруді құрастыру бойынша дайындық жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі-есеп беру кезеңінде барлық амалдық шоттарды: калькуляциялық, жинау-тарату сипатындағы, салыстырмалы, қаржылы-нәтижелік т.б. жабу болып табылады. Осы жұмыс басталғанша синтетикалық және аналитикалық шоттардығы бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылуы керек және бұл жазбалардың дұрыстығы тексеріледі.

Әдістемелік ұсыныстар.

1. Бұл тақырып бойынша студентерге келесі сұрақтарға назар салу керек:

2. Қаржылық есеп берудің түсінігі, оның экономикадағы маңыздылығы мен ролі.

3. Қаржылық есеп берудің нысандары.

4. Бухгалтерлік баланс, дұрыс құрылуын тексеру.

5. Табыстар мен шығыстар туралы есеп беру, оның мазмұны.

6. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру.

Әдебиет

1. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А., Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. - оқулық - Алматы: Экономика,2006.

2. Сейдахметова Ф.С. Қазіргі замандағы бухгалтерлік

есеп – Алматы: Lem, 2001.

3. Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Кәсіпорында бухгалтерлік есеп. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

4. Абленов Д.О., Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы.- Алматы: экономика, 2007.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі

1 О бухгалтерском учете и финансовой отчетности: Закон РК Стандарты бухгалтерского учета.-Алматы: Юрист, 2005. – 352 с.

2 Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Бухгалтерский учет на предприятии. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2002. – 620 с.

3 Радостовец В.В., Шмидт О.Ю. Теория и отраслевые особенности бухгалтерского учета. – Алматы: Центраудит--Казахстан, 2000. – 450 с.

4 Нидлз Б., Андерсон Х., Колдуэлл Н. Принципы бухгалтерского учета: Пер. с англ. / Под ред. проф. Я.В. Соколова. – М., 1996. – 480 с.

Қосымша

5 Энтони Р., Рис Д.Ж. Учет: ситуации и примеры. – М.: Финансы и статистика, 1996. – 605 с.

6 Бухгалтерский учет в Республике Казахстан: Реформа бухгалтерского учета / Сост.: Скала В.И., Скала Н.В., Белкин А.И. – Алматы: Lem, 2001. – 131 с.

7 Нургазиева Л.А. Бухгалтерский учет операций в иностранной валюте: Учеб. пособие – Алматы : Экономика, 2000. – 92 с.

8 Сборник бухгалтерских проводок: В учете субъектов РК: Закон РК о бух. учете и фин. отчетности, Приказ Мин. фи. РК об утверждении типового плана счетов бух. учета/ Сост.: В.И. Скала. – 6--е изд. – Алматы: Lem: Асико, 2003. – 115 с.

9 Сейдахметова Ф.С. Особенности учета в различных субъектах хозяйствования: Учеб. пособие – Алматы: Lem, 2001. – 44 с.

10 Сейдахметова Ф.С. Бухгалтерский учет в современных условиях – Алматы: Lem, 2001.-- 46 с.

11 Сейдахметова Ф.С. СисТақырып счетов и двойной записи – Алматы: Lem, 2001. – 44 с.

12 Сейдахметова Ф.С. Основные правила организации бухгалтерского . учета: Учеб. пособие – Алматы: Lem, 2001.-- 38 с.

13 Сейдахметова Ф.С. Современный бухгалтерского учет. В 2 частях: Учеб. пособие / под общ. ред. проф. Мамырова Н.К. – Алматы: Экономика, ч.1. – 2000. --336 с.

14 Внеоборотные активы: характеристика, учет,

налогообложение/ Сост,: В.И. Скала, Н.В. Скала, Б.В. Скала - Алматы: Lem, 2002. - 180 с.

15 Назарова В.Л. Бух. учет хозяйствующих субъектов: Учебник / Под ред. Рыскулова Т., проф. Мамырова Н.К. - Алматы: Экономика, 2003. - 298с.

16 Толпаков Ж.С. Бухгалтерский учет: учебник / Ж.С. Толпаков - Караганда, 2004 - 981с.

17 Қаржылық бақылау және басқарушылық аудит: теориясы, әдіснамасы, тәжірибесі: оқу құралы. - Алматы, 2007.